

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«ҚОСТАНАЙ КАЛАСЫ  
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ С.МӘУЛЕНОВ  
АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



Коммунальное государственное учреждение  
«ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ С.МАУЛЕНОВА  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА КОСТАНАЯ»  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы 01 қыркүйек  
Қостанай қаласы

№ 356  
город Костанай

**2023-2024 оқу жылына арналған  
сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша  
іс-шаралар жоспарын бекіту  
және жүзеге асыру туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 Заңына және «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығына сәйкес, гимназияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Гимназияның 2023-2024 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсін. (1-қосымша)
2. Бекітілген жұмыс жоспарының ағымды оқу жылы бойы жүзеге асырылуы қамтамасыз етілсін.
3. Өткізілген іс-шаралар мен жұмыстар жөнінде тиісті ақпарат пен мәліметтер директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Алимоваға гимназияның лауазымдық тұлғалары тарапынан уақытында тапсырылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Алимоваға жүктелсін.



А.Мадидбаев

Бұйрықпен таныстырылды:  
«01» қыркүйек 2023ж.

Г.Алимова

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ  
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ С.МӘУЛЕНОВ  
АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Коммунальное государственное учреждение  
«ГИМНАЗИЯ ИМЕНИ С.МАУЛЕНОВА  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА КОСТАНАЯ»  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы 01 қыркүйек  
Қостанай қаласы

№ 346  
город Костанай

### Гимназияда заңсыз ақшалай қаражат жинауға тыйым салу туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 436. 3 тармағының 10 тармақшасына, «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ 2019 жылғы 22 мамырдағы № 262 бұйрықтарына сәйкес, гимназияның білім алушыларын және олардың ата-аналарынан (заңды тұлғаларынан), гимназия жұмыскерлерінен ақшалай қаражат жинауға тыйым салу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Гимназияда білім алушылардан және де олардың ата-аналарынан (заңды тұлғаларынан) кез-келген мақсатта ақшалай қаражат жинауға қатаң тыйым салынсын. (Г.Алимова, сынып жетекшілер, пән мұғалімдер тізім бойынша)
2. Гимназияның педагогтерінен әртүрлі мұқтаждарға ақшалай қаражат жинауға қатаң тыйым салынсын. (С.Бейсенова)
3. Осы бұйрық гимназия жұмыскерлерінің назарына жеткізілсін, қол қойып таныстырылсын, білім алушылар және олардың ата-аналары (заңды тұлғалар) сынып және ата-аналар жиналыстарында таныстырылсын, осы сұрақ бойынша ата-аналар комитеттері мен қамқоршылық кеңестің мүшелерімен тиісті түсіндірме жұмыстары жүргізілсін. (Г.Алимова, С.Бейсенова, сынып жетекшілер тізім бойынша)
4. Осы бұйрықтың мүлтіксіз орындалуы қамтамасыз етілсін және осы бұйрықты бұзу жағдайында тиісті лауазымдық тұлғаға/педагогқа Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес шаралар қолданылсын. (Г.Алимова, С.Бейсенова, педагогтар тізім бойынша)
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор:  А.Мадиев

Бұйрықпен таныстырылды:  
«01» қыркүйек 2023ж.  
1. Г.Алимова  
2. С.Бейсенова